Жоба нөмірі: 56410

Орналасқан жері: Қазақстан	Коммерциялық сектор: Энергетика
Мемлекеттік / жеке: Жеке	Экологическая категория: B
Мақұлдау күні: 2026 жылғы 16 желтоқсан	Ағылшын тілінде жарияланған күні: 2026 жылғы 30 қазан

Жоба сипаттамасы

«Қарағанды Жарық» ЖШС-нің («Қарағанды Жарық» немесе «Компания») 2027–2031 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын қаржыландыру мақсатында Компанияға 70,7 млрд теңгеге дейінгі (140,2 млн еуро баламасында) бірінші кезектегі несие беру («Жоба»). Жоба тозған инфрақұрылым мәселесін шешу, электр энергиясының шығындарын азайту және өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мақсатында электр желілерінің инфрақұрылымын, оның ішінде электр беру желілері мен қосалқы станцияларды реконструкциялау және жаңғыртуды, сондай-ақ ақылды есептегіштерді орнатуды қамтиды.

Жоба мақсаттары

Жобаның негізгі мақсаты – Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысындағы Қарағанды Жарық компаниясының электр желілері инфрақұрылымын жаңғырту арқылы электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру, электр желілеріндегі шығындарды азайту және электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру.

Жоба Компанияның электр желілері инфрақұрылымының 71,6%-ды құрайтын физикалық тозу деңгейін төмендетуге, сол арқылы электр энергиясының шығындарын азайтуға, электрмен жабдықтау сенімділігін, операциялық тиімділікті және Компанияның тарату инфрақұрылымының климаттық тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.

Өтпелі процеске әсері

Өтпелі процеске әсер көрсеткіші: 67

Жоба келесі бағыттар арқылы өтпелі процеске оң әсер етеді: ақылды есептегіштерді енгізу және электр энергиясын беру және тарату инфрақұрылымын (электр беру желілерін, қосалқы станциялар мен трансформаторларды) жаңғырту нәтижесінде электр энергиясының шығындарын және парниктік газдар шығарындыларын қысқарту арқылы климаттың өзгеру салдарын азайту; сондай-ақ қашықтан көрсеткіштерді оқу, екіжақты байланыс және электрмен жабдықтауды қашықтан басқару функциялары бар ақылды есептегіштерді енгізу арқылы электр желісін бақылауды, жүктемені басқаруды және жедел әрекет ету мүмкіндіктерін жақсарту. Бұл электр желісінің өзгеріп отыратын сұранысқа бейімделуіне және таратылған генерацияны интеграциялауға мүмкіндік береді.

Клиент туралы ақпарат

«Қарағанды Жарық» ЖШС (Қарағанды Жарық).

Қазақстанның Қарағанды өңіріндегі ірі жеке өңірлік электр энергиясын тарату компаниясы.

Компания:

- 0,4–220 кВ кернеулі шамамен 6 894 км әуе және кабельдік электр беру желілерін пайдаланады;
- 105 қосалқы станцияны және 2 193 трансформаторлық және тарату қосалқы станцияларын пайдаланады;
- шамамен 21 400 км² аумаққа қызмет көрсетеді;

- Қарағанды қаласындағы жергілікті электр энергиясы нарығының 31%-ын қамтиды;
- Қазақстан коммуналдық жүйелері АҚ-на (KUS, рейтинг BB-) толықтай (100%) тиесілі.

KUS (BB-) - Қазақстандағы жеке, тігінен интеграцияланған энергетикалық холдинг, ол электр энергиясы мен жылуды өндіруден бастап, оларды соңғы тұтынушыларға дейін жеткізуге дейінгі бүкіл өндірістік тізбекті қамтиды.

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

70 700 000 000 теңге

Жобаның жалпы құны

70 700 000 000 теңге

Толықтауыш әсері

ЕҚДБ коммерциялық көздер арқылы нарықта қолжетімсіз қаржыландыруды қолайлы шарттармен ұсынады. Сондай-ақ Банк Қарағанды Жарық компаниясына экологиялық және әлеуметтік стандарттарды жоғары деңгейге жеткізуге қолдау көрсетеді (мысалы, ESAP).

Экологиялық және әлеуметтік түйіндеме

B санаты (ESP 2024).

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қолданыстағы электр беру желілерін, трансформаторлар мен қосалқы станцияларды қамтитын төмен және орта кернеулі электр энергиясын тарату және беру инфрақұрылымын реконструкциялау мен жаңғыртуға, сондай-ақ ақылды есептегіштерді орнатуға байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер бар.

Қазіргі уақытта Банктің тапсырмасы бойынша тартылған тәуелсіз консультант Жобаның ЕҚДБ-ның 2024 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатына (ESP), Экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ESRs), тиісті ұлттық заңнамаға және озық халықаралық тәжірибеге сәйкестігін бағалау мақсатында экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру (ESDD) жүргізуде.

Негізгі экологиялық және әлеуметтік мәселелерге еңбек жағдайлары, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау, оның ішінде электр қауіпсіздігі мен жол қозғалысы қауіпсіздігі, жабдықтарды ауыстыру және техникалық қызмет көрсету кезінде мердігерлерді басқару, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу, цифрлық есептегіштердің сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және шағымдарды беру мен қарау тетіктері жатады.

Тексеру нәтижелері бойынша Жоба үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары (ESAP), Мүдделі тараптарды тарту жоспары (SEP) және Техникалық емес қысқаша мазмұн (NTS) ЕҚДБ-ның ESR 10 «Мүдделі тараптарды тарту» талаптарына сәйкес әзірленетін болады.

Экологиялық «жасыл» бағала

a) Соответствие целям Парижского соглашения

Жоба ЕҚДБ-ның тікелей қаржыландырылатын инвестициялардың Париж келісіміне сәйкестігін бағалау тәсілін қолдану негізінде Париж келісімінің климаттың өзгеруін бәсеңдету және оған бейімделу мақсаттарына сәйкес деп танылды.

Жоба климаттың өзгеруін бәсеңдету мақсаттарына сәйкес келеді, себебі ол көпжақты даму банктері (MDB) келіскен «Электр энергиясын беру және тарату, оның ішінде энергияға қолжетімділік, энергияны сақтау және сұранысты басқару» санатына жататын қызмет түрлерінің тізіміне енгізілген.

Жобаның Париж келісімінің бейімделу мақсаттарына сәйкестігі елеулі физикалық климаттық тәуекелдердің, әсіресе экстремалды ыстық пен су тасқынының болмауы, сондай-ақ кеңірек энергетикалық жүйенің климаттық тұрақтылығына елеулі теріс әсердің болмауы расталған жағдайда қамтамасыз етіледі. Бұл аспектілер кешенді тексеру барысында бағаланып, климаттық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шаралар жобалық шешімдерге енгізілетін болады.

b) Жасыл қаржыландыру үлесін анықтау

ЕҚДБ қаржыландыруының 100%-ы жасыл қаржыландыру ретінде жіктеледі, себебі ол климаттың өзгеруін бәсеңдетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды қолдайды. Бұл жіктеу, түпкілікті техникалық растауға байланысты, ЕҚДБ инвестициялары үшін жасыл қаржыландыру үлесін анықтау әдістемесіне және келесі бағыттар бойынша арнайы нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады: энергия жүйелерінің тұтынушыларына бағытталған, энергияны тұтынуды азайтуға немесе жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды арттыруға ықпал ететін ісшаралар; электр, жылу, салқындату, төмен көміртекті газдар немесе CO2 тасымалдау мен тарату саласында қолданыстағы инфрақұрылымның тиімділігін арттыру немесе CO2e шығарындыларын азайту.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Осы Жоба аясында келесі техникалық ынтымақтастық («ТС») тапсырмалары жүзеге асырылуда:

- Экологиялық және әлеуметтік сараптама (Due Diligence): Жобаның ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (ESP) және Экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ESRs) сәйкестігін бағалау мақсатында тәуелсіз кеңесшілер арқылы жүргізіледі. Тапсырмаға бөлінген жалпы сома - 50 000 еуро, қаржыландыру көзі – ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қоры («SSF»).
- Техникалық сараптама (Technical Due Diligence): Жобаның техникалық орындалу мүмкіндігін, экономикалық тиімділігін және іске асыруға дайындығын бағалау үшін тәуелсіз сарапшылар тарапынан жүргізіледі. Тапсырмаға бөлінген жалпы сома - 75 000 еуро, қаржыландыру көзі – ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қоры («SSF»).

Компанияның байланыс ақпараты

Гульмира Асмакова

AsmakovaG@kzharyk.kz

+7 (7212) 40-50-60; +7 (7212) 50-60-70

Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 115.

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді.

Іскерлік мүмкіндіктер

Іскерлік мүмкіндіктер немесе сатып алу рәсімдеріне қатысты мәселелер бойынша клиент компаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-мен іскерлік мүмкіндіктер (сатып алуға қатысы жоқ) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168
Email: **projectenquiries@ebrd.com** бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектор жобалары туралы ақпаратты **ЕҚДБ сатып алулары** парақшасынан табуға болады.

Тел.: +44 20 7338 6794
Email: **procurement@ebrd.com**

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды **ЕҚДБ сұраныстар нысаны** арқылы жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Экологиялық және әлеуметтік талаптар (ЭӘТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін қалай іске асыратынын айқындайды. ЭӘС пен ЭӘТ-да клиенттердің қоғамдық ақпаратқа қол жеткізу және консультациялар өткізу жөніндегі ұлттық заңнама талаптарын сақтауына, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштеріне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағымдарды қарау тетігін құруына қатысты нақты ережелер қамтылған. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына қарай ЕҚДБ клиенттерінен жобаның ықтимал тәуекелдері мен әсерлері туралы ақпаратты тиісті деңгейде жариялауды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар өткізуді, сондай-ақ олардың пікірлері мен ұсыныстарын қарастырып, тиісті түрде жауап қайтаруды талап етеді.

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша тәжірибесі туралы толығырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және сәйкестік талаптарын ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің барлық қызметінде озық халықаралық тәжірибеге сай адалдықтың ең жоғары стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді. Банк қаржыландыратын жобалардың ЕҚДБ үшін жол беруге болмайтын адалдық немесе беделдік тәуекелдер туғызбайтынына көз жеткізу мақсатында барлық клиенттерге қатысты адалдықты кешенді тексеру рәсімі жүргізіледі. ЕҚДБ проблемаларды жобаны бағалау және бекіту кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің ең тиімді құралы болып табылады деп есептейді. Осы қорғаныш шараларында, және жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін бақылау процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауапты. Алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық белгілеріне күмәнданған кез келген тұлға бұл туралы Бас комплаенс бөлімінің басшысына жазбаша түрде **compliance@ebrd.com** электрондық мекенжайы арқылы хабарлай алады. КӘББ келіп түскен барлық хабарламаларды, оның ішінде анонимді хабарламаларды қарастырып, тиісті шаралар қабылдайды . Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде берілуі мүмкін.Ұсынылатын ақпарат адал ниетпен ұсынылуы тиіс .

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2025 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС) ЕҚДБ -ның өз стратегиялары, саясаттары мен операциялары туралы түсінікті арттыру мақсатында ақпаратты жариялау және мүдделі тараптармен консультациялар жүргізу тәртібін белгілейді. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы толығырақ мәлімет алу үшін **Ақпаратқа қолжетімділік саясаты** парақшасын қараңыздар.

Ақпарат алу жөніндегі нақты сұрауларды **ЕҚДБ сұраныстар нысанының** арқылы жолдауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер клиентпен немесе Банкпен экологиялық, әлеуметтік немесе ақпаратты жария ету мәселелеріне қатысты туындаған алаңдаушылықтарды шешу әрекеттері (мысалы, клиенттің жоба деңгейіндегі шағымдарды қарау тетігі немесе Банк басшылығымен тікелей өзара іс-қимыл арқылы) нәтиже бермесе, жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органының (ЖЕБТО) қарауына ұсына алады.

ЖЕБТО зиян келтірген немесе келтіруі ықтимал деп есептелетін жобалық мәселелерді тәуелсіз түрде қарайды. Бұл орган жобаға қатысушы мүдделі тараптар арасындағы диалогты қолдау арқылы экологиялық, әлеуметтік және ақпаратты жария ету мәселелерін шешуге жәрдемдесу; Банктің **Экологиялық және әлеуметтік саясаттың** және **Ақпаратқа қолжетімділік саясатының** талаптарын сақтағанын анықтау; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған саясаттардың сақталмауы жағдайларын жоюға ықпал ету және болашақта мұндай жағдайлардың алдын алуды көздейді.

ЖЕБТО туралы, оның мандаты мен **Өтінішті беру** тәртібі туралы көбірек мәлімет білу үшін **Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына** кіріңіз, немесе ЖЕБТО туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін **ipam@ebrd.com** электрондық поштасы арқылы хабарласуға болады.

Бұл құжат жоғарыда көрсетілген жоба нөмірі мен күні бойынша дайындалған, Еуропа қайта құру және даму банкінің ағылшын тілінде жариялаған Жоба бойынша қысқаша ақпараттың аудармасы. Ағылшын тіліндегі түпнұсқалық басылымның кез келген мәтіні осы аударма мәтінімен сәйкес келмесе, Жоба бойынша қысқаша ақпараттың ағылшын тіліндегі түпнұсқа мәтіні басым күшке ие болады.